

«8D02314 –Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Байсыдық Индира Болатбекқызының «Мінез сипаты атауларының лингвомәдениеттанымдық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензент филология ғылымдарының докторы, профессор Гульгайша Сагидолданың

ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>«Мінез сипаты атауларының лингвомәдениеттанымдық негіздері» тақырыбында орындалған диссертация төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес дайындалған.</p> <p>1) Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы;</p> <p>2) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және басқа да мемлекеттік нормативтік-құқықтық құжаттарда көрсетілген міндеттерді шешуге бағытталған ҚР «Білім туралы» заңы.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Диссертациялық жұмыс ғылымға үлес қосады:</p> <p>1) «Мінез» ұғымының, «мінез ерекшелігі», «мінез белгілері» семантикалық өрісінің шекарасы анықталып, адам табиғатының темпераменті, ерік жігері, мінез бітісі, адам болмысы, адам табиғаты, көңілі, қылығы, құлқы ұғымдарының аражігі ажыратылып, мінездің психологиялық, әлеуметтік сипаты егжей-тегжейлі қарастырылған;</p> <p>2) Адам мінезі сипаты атауларын лингвомәдениеттанымдық және этнолингвистикалық аспектіде зерттелінген бұл</p>

			<p>диссертациялық жұмыста көркем мінез ұғымы мен түрлері, ұлттық мінез бен қазақы мінез атаулары ажыратылған;</p> <p>3) Қазақ мінез атауларының жасалуына түстердің символдық мағынасы кіріктірілген. Қазақы мінез атауларының мәденитанымдық тақырыптық топтары мен қазақ ұлтын танытатын тірек мінездердің тілдік репрезенттерін анықтауға бағытталған;</p> <p>4) Қазақ халқының танымындағы жағымды/жағымсыз мінез атауларының тезаурусы барынша ұқыптылықпен құрастырылып, барлық мінез атауларының саны, оның ішінде жағымды мінез бен жағымсыз мінез атауларының саны шығарылған. Қазақ мәдениетінде жағымсыз мінездердің басымдығы тілдік репрезенттердің көптігімен дәйектеліп, оның себебі ғылыми негізде дәлелденген. Зерттеудің ғылыми жаңалықтар лексикографиялық, лексикологиялық, лингвомәдениеттанымдық, бағытта қатар зерттелуінің аясында жүзеге асқаны байқалады.</p> <p>5) Қазіргі қазақтілді жас буынның қазақы мінезді тану мәдениетін және қазақ тіліндегі мінез атауларының қорын пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында жасы негізінен 18-25 арасындағы қазақ жастарынан сауалнама алынған, 500 адамның жауабына талдама жасап, қорытынды шығарған. Қазіргі дискурста мінез атауларының варваризмі әсіресе жастар мәдениетінде сөздің, сындық атаудың орыс тіліндегі мінез атауларының</p>
--	--	--	---

			қазақ тілінде бір емес, бірнеше төл атауларын ұсынған. Сонымен қатар қазіргі жазба мәтіндерде, әртүрлі стильде кездесетін мінез атаулары «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі» (2016 ж.) бойынша жиілігі көбінен азына дейінгі алғашқы 100 бірлікті анықтап, себебі айқындалған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертанттың өзі жазу деңгейі жоғары. Себебі жұмыстың құрылымы талапқа толық сәйкес келеді, академиялық жазуды меңгергені байқалады. Жұмыстың мазмұны құрылымына сай, тақырыптан ауытқымайды. Сондай-ақ жұмыстың жоспары жүйелі құрастырылған. Мінез белгілері жайлы алғашқы зерттеулер (психологиялық, аксиологиялық, философиялық, лексикалық, лингвомәдениеттанымдық) қамтылған, сүйенген материалдары дәйектелген. Зерттелуі қажет әрі маңызды мәселесі айқындалған, сол мәселені шешуде әдіс-тәсілдері дұрыс таңдалған. Зерттеу барысында хронологиялық талдау сақталған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығымен негізделген. Қазақ мәдениеті кім, қандай адам деген сауалдар арасында үнемі жауап іздеп жүретіндіктен өз айналасындағы адамдарды сипатына қарай бағалаған. Осы орайда қандай деген сауалды анықтау үшін қазақ тіліндегі мінез атауларын түгендеу, тезаурусын жасау, мінез атауларының сөзтізбесін жасау, жағымды-жағымсыз мінез атауларына бөлу, соңында бұл атаулар арқылы қазақ өз бойындағы қандай мінездерді көбірек атауға ие болғанына қарай бағалау позициясы

			<p>айқындалған бұл диссертациялық жұмысты қоғам сұранысындағы өзекті мәселенің басын ашуға қосқан үлесі жоғары деп қабылдау қажет. Тілі жатық, ойы ашық, өзіндік тұжырымы ғылыми стиль шегінде жинақталып беріледі.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>Индира Болатбекқызының «Мінез сипаты атауларының лингвомәдениеттанымдық негіздері» тақырыбындағы диссертациясы екі тараудан, қорытынды, пайдаланған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұратын құрылымы зерттеу жұмысының мазмұны берілген тақырыпқа сай екенін көрсетеді. Диссертацияның бірінші тарауында мінез атауларына қатысты психологиялық, аксиологиялық зерттеулер мен тұжырымдар жіті талданып, зерттеушілер пікірі сараланып, ғылыми бағыттарына қарай топталып, нәтижесінде қазақы мінездің психологиялық сипаты, қазақ халқына тән темпераменттердің басымдығы және жақсы /жаман қырларының тілдегі көрініс талданған. Екінші тарауда қазақ халқының этномәдени тілдік жүйесіндегі мінез атауларын «жағымды» және «жағымсыз» деп, аксиологиялық тұрғыдан қарама-қарсы екі топқа бөліп талдауы, сонымен бірге оларды әлеуметтік жағынан ер адамдарға, әйел адамдарға қатысты гендерлік ерекшеліктері, қазақ тіліндегі жағымды/жағымсыз мінездердің санағы көрсетілген. Зерттеу жұмысының екі тарауы өзара ішкі бірлікті сақтаған, екі тарауда да мінез атауларының зерттелуі эмпирикалық, гносеологиялық, салалық</p>

		(лингвистикалық) реттілікпен жүйеленген.
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Мінез сипаты атауларының лингвомәдениеттанымдық негіздерінің зерттеу барысын талдау нәтижесі диссертациялық жұмыстың негізгі мақсаты мен оны жүзеге асырушы міндеттерінің диссертация тақырыбымен толық сәйкес келетінін көрсетеді. Жұмыстың мақсаты айқын, оған қол жеткізуге бағытталған міндеттер де жүйелі. Міндеттер «қарапайымнан күрделіге қарай» принципіне, ал әрбір тірек концептілерді таңбалайтын мінез атаулары «көбінен азына қарай» түсіндіріліп, негізделген. Іздену барысында диссертант қойылған мақсат-міндеттерге толық қол жеткізген. Әрбір міндеттің нәтижесі ғылыми тұжырымнан, ғылыми жаңалығынан айқын көрінеді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияның мазмұны сипатталған екі тарау және олардың құрылымын ашатын тараушалар жұмыс мақсатына сәйкес өзара логикалық жүйеде байланысқан. Әр тараудың соңында талқылау нәтижелері түйінделіп отырады. Зерттеу барысында қол жеткен ғылыми нәтижелер, келтірілген ғылыми-талдамалық ой-пікірлер ізденушінің диссертацияда жасаған түйіні мен қорытындысымен сабақтасады. Жасалған нәтижелердің бір-біріне жалғасып, туындап отыруы зерттеудің біртұтастық байланысының негізінде ортақ қорытынды жасалған.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген;</p>	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдер – мінез атауларының тезаурусы құрастыру. Бұрын жасалған лексикографиялық жұмыстың эзірлемесін лингвомәдениеттанымдық</p>

		<p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>бағытта зерттеу негізінде жинақтады. Мағыналас мінез атауларын топтастыруда тірек концептіні негізге алған. Бірнеше мағынада қолданылатын мінез атауларының бастапқы мағынасына сыни талдау жүргізген. Мінез атауларының бойындағы денотатты, коннотатты мағыналарды анықтауда семантикалық және контент талдау әдістері қолданылған. Талдау зерттеушінің өз пайымына негізделген. Ал дәйектеуші аргументтер сілтемелермен көрсетілген. Қазақы мінез бен ұлттық мінездің аражігін ажырататын қағидалар жаңа шешімдер деп танылады. Мінез концептілерінің топтастырылуы жаңа шешім деп саналады.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа;</p>	<p>Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары толығымен жаңа. Мысалы, қазақ тіліндегі мінез атауларының тезаурустық сөздігін құрастыруы жаңа. Қазақ тілінде жағымды мінезді бірліктер концепт құрайды, ал жағымсыз мінезді атаулар лексика-семантикалық топ құрайтынын дәлелдеуі жаңа. Жағымсыз мінез атауларының көптігіне теріс қылықты айта отырып, жақсылыққа көзін ашу тәрбиесін ұстанған қазақы дәстүрдің ықпалы басты себеп екенін дәлелдеуі жаңа. Өзге ұлттар мен қазақтың мінезінде сәйкестіліктен гөрі сәйкессіздік басым екенін тілдік бірліктер мен оның мағынасы арқылы дәйектеуі жаңа. Варварлық сипатта енген мінез атауларының баламаларын анықтағаны жаңа.</p> <p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Біріншіден, жағымды мінез</p>

		<p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>атауларын көбінен азына қарай жіктеуі жаңа.</p> <p>Екіншіден, қазақы мінез бен ұлттық мінездің айырым белгілеріне қатысты ұстанымдары жаңа.</p> <p>Үшіншіден, жағымды/жағымсыз мінездердің лексика-семантикалық топтастырылымы жаңа.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген. Диссертациялық жұмыстың нәтижесі ұлттық корпусстың тақырыптық ішкорпустарын әзірлеуге, семантикалық мета белгіленімдерін жасауға үлес қосады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Барлық қорытындылар, негізгі пайымдаулар мен тұжырымдар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.</p> <p>Біріншіден, қазіргі қоғамда кім, қандай адам деген сауалдың жиі қойылу себебі. Соған орай мінез атауларының көбеюі сияқты өзекті мәселелерді зерттеудің қорытындылары қазақ және өзге ұлт мәдениетін салыстыру дәйектемелерімен негізделген.</p> <p>Екіншіден, жалпыадамзаттық темперамент пен қазақ болмысына тән темпераменттің сипаты, жақсы/жаман жақтарын анықтау нәтижелері көркем мәтіндік мысалдармен дәлелденген.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p>	<p>Қорғауға ұсынылған қағидат дәлелденген. Себебі, дәлелдеуші мысалдар мен дәйекті деректер айқын.</p> <p>Қорғауға ұсынылған қағидат тривиалды емес, себебі жаңаша зерттеу бағыты тандалған.</p> <p>Психо-мәдениеттанымдық зерттеуі жаңа.</p> <p>Қорғауға ұсынылған қағидат жаңа, себебі бұрын-соңды</p>

		<p>1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>анықталмаған мінез атауларының мағыналары ашылған, соның негізінде жаңа тезаурустық сөздік құрастырылған. Қорғауға ұсынылған қағидаттың қолданылу аясы кең, себебі тілдің негізгі құрамдас бөлігі зерттеліп отыр. Қорғауға ұсынылған қағидаттар жарияланған мақалаларда насихатталған.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың әдістемесін таңдау сапалы негізделген, қолданылған зерттеу әдістері диссертациялық жұмыстың сәйкес тарауында нақты сипатталған. Зерттеу жұмысында жалпы ғылыми әдістер – лексикографиялау, түгендеу, сипаттау, лингвомәдениеттанымдық, концептуалды, лингвоаксиологиялық талдау әдістері және сауалнама әдісі мен статистикалық әдістері қолданылған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p>
		<p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Жұмыстың қорытындылары сауалнамамен расталған.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми</p>

		расталған / ішінара расталған / расталмаған	әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертацияда ғылыми еңбектер теориялық негіздемесін растау үшін алынса, дәйекті деректерді растау үшін көркем шығармалардан мысалдар алынған және олар сілтемемен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттердің жалпы саны – 103. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторлардың тақырыпқа қатысты еңбектері таңдалған. Жұмыстың нақты мәліметтерін растайтын қосымша материалдары берілген.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңыздылығы ашылған. Осы орайда зерттеу жұмысының нәтижелері қазақ тілтанымы мен лингвомәдениеттаным бағытындағы тұжырымдар мен қорытындылар жасауда, қазақ тілі лексикологиясы, семасиологиясы, сөзжасам, фразеология, паремиологиясына қатысты зерттеулерге өзіндік үлес қосады. Диссертация соңында қосымшада берілген қазақ ұлтының танымындағы жағымды және жағымсыз мінез атауларының тізімі, түсіндірме сөздігі, жиілігі тезаурустық сөздік, синонимдер сөздігін, тақырыптық сөздіктерді құрастыруға елеулі үлес қосады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыс барысында жасалған теориялық тұжырымдар мен пайымдаулар қазіргі кездегі атау теориясына, лингвомәдениеттану теориясына, қазақы және ұлттық мінез атауларының тақырыптық, лексика-семантикалық топтары мен мағыналас атауларының жүйесін нақтылауда өзіндік үлес

			<p>қосады. Зерттеу материалдарының практикалық мағызы: мінез атауларына қатысты талдау жұмыстарын ұйымдастыруда, лексикографиялық курстарда, мәтін стилистикасында, тілдік қатынас, мәтін лингвистикасы, ұлттық корпусның ішкорпустарын құрастыруда, семантикалық белгіленімдерін қоюда, қазіргі қазақ тілінің лексикология, фразеология бойынша дәріс оқуда, курс жұмыстары мен диплом жұмыстары үшін пайдалануға болады. Зерттеу жұмысы қазіргі қазақ тілінің лексикографиялық жүйесін зерттеуде, лингвомәдениеттанымдық талдау үлгілерін қалыптандыруда өзіндік үлес қосады. Сонымен қатар зерттеу материалдарын орта білім берудегі мұғалімдер, әлеуметтік педагог, психолог және сынып жетекшілерінің оқушыларға мінездеме жазуында, оқушының тұлғалық сипатын беруде пайдалануына болады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Себебі мінез атауларының тезаурусы алғаш рет құрастырылып отыр. Диссертанттың зерттеу жұмысы өзектілігі, мақсаттары мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, алынған нәтижелер мен практикалық маңыздылығы тұрғысынан философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға сәйкес келетін аяқталған ғылыми жұмыс.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған, ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай жазылған. Нормативтік сілтемелер,</p>

			<p>белгілеулер мен анықтамалар талапқа сай жүйелі жасалған. И.Б.Байсыдықтың диссертациялық жұмысындағы барлық нәтижелер жаңа, өзекті, негізделген және өзара байланысты болып табылады. Себебі мінез атаулары тезаурусы қазақтың сөздік қорын толықтырушы қосалқы белгілерінің жүйесі екенін; қазақ дискурсында сөз мағынасын дұрыс қолдануда қажеттілікті өтейтінін көрсетеді.</p>
<p>Ресми рецензент төмендегі шешімді қабылдады:</p>			

Ресми рецензент төмендегі шешімді қабылдады:

- 1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру (Байсыдық Индира Болатбекқызының «Мінез сипаты атауларының лингвомәдениеттанымдық негіздері» атты диссертациясы «8D02314 – Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймыз);
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Ресми рецензент:
**Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
 ұлттық университетінің профессоры,
 филология ғылымдарының докторы**



Сагидолла Г.

